

ЖОБА ТАҚЫРЫБЫ – PIRLS ЗЕРТТЕУЛЕР МӘНМӘТІНІНДЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

*Манас Рыскуль Тунғышбекқызы
Учитель начальных классов
школы-лицея № 101
города Караганды*

XXI ғасырдағы өркендеудің негізгі ерекшелігі дамудың сапалы жаңа деңгейі – ғаламдық ақпараттық қоғамға ауысумен сипатталатын жаһандану үдерісі болып табылады.

Бұл жағдайда педагогика міндеті оқушыларды ақпараттық мәдениетке тарту болып табылады, ол білім, іскерлік және дағды жиынтығы бар, оқу және практикалық тапсырмаларды шешуге қажетті ақпараттарды іздестіру, саралау, көрсету.

Оқу үдерісінде **ақпаратты көзбен қабылдау** басымдырақ екені даусыз. Оқушылардың 60%-дан көбі ақпаратты көру рецепторы арқылы қабылдайды. Сондықтан оқырман сауаттылығы, яғни **жазба сөздің** әртүрлі формаларын түсіну және қисынды ұғынуға деген адамның қабілеті заманауи қоғамдағы өмір сүруге дайындықтың ең маңызды параметрлерінің бірі ретінде қарастырылады.

Дегенмен заманауи болмыс қоғамдағы оқырман сауаттылығы мен оқырман мәдениетінің күйзелісіне әсерін тигізеді. Оқуға деген қызығушылықтың төмендеу себептері мынадай:

- біріншіден, бұқаралық ақпарат құралдары ықпалының күшеюі;
- екіншіден, сәтсіз отбасылар санының артуы, онда ата-аналардың бала тәрбиесіне көңіл бөлмеуі;
- үшіншіден, бірінші сыныпқа келген балалар мен ересектердің бірлесіп оқу уақытының жеткіліксіздігі;
- төртіншіден, оқушылардың оқу қызметін мақсатты түрде қалыптастыру жүйесінің жоқтығы және басқа да себептер.

Осыған байланысты білімнің жалпы ұлттық міндеті оқушыларды оқуға тарту, оқуға деген қызығушылығын жандандыру, мәдени және жеке бас құндылықтары ретінде оқу беделін арттыру.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет.

Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» - деп айтқан болатын.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әрекетінің 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық жоспарына сәйкес функционалдық сауаттылық адам қызметінің көп жоспарлы байланысын біріктіретін тұлғаны әлеуметтік бағдарлау тәсілі ретінде түсіндіреді. Функционалдық сауаттылық компонентінің бірі оқу сауаттылығы болып табылады.

2016-2019 жылдарға арналған ҚР білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы орта білімнің стратегиялық мақсаты ретінде PISA, TIMSS, PIRLS сияқты халықаралық салыстырмалы зерттеулерде оқушылардың көрсеткен жоғарғы нәтижелерін анықтады.

«Мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеу» (*Progressin International Reading Literacy Study - PIRLS*) халықаралық жобасы білім сапасын зерттеу мониторингі болып табылады. Оның мақсаты барлық елдердегі бастауыш мектеп оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасы мен деңгейін салыстыру, сондай-ақ оқуға үйрету үдерісін жетілдіру мақсатында білімнің ұлттық жүйесіндегі өзгешелікті анықтау және түсіндіру. Бұл жоба әлемнің 40 елінде қолданылып келеді. Қазақстан 2016 жылдың сәуір айында алғашқы рет осы зерттеуге қатыспақшы.

«Оқырман сауаттылығы» деген ұғымның өзі 1991 жылы пайда болды, ол кезде *IEA – PIRLS*-ке бастамашылық еткен мекеме, оқуды техника жағынан ғана анықтау емес, сонымен бірге зор функционалдық мәнмәтінде оқығанды оймен шолу және оқығанды жеке және қоғамдық мақсаттар жетістігіне, бірінші кезекте әрі қарай үйрену үшін қолдануға болатын ұғымды іздестірді.

PIRLS зерттеулерінде оқу сауаттылығы «қоғам немесе жеке тұлға құндылығы талап ететін мақсаттар үшін жазба сөз формасының әртүрлілігін түсіну және қолдану мүмкіндігі» ретінде анықталады.

Жобаның мақсаты: бастауыш мектеп оқушыларында мағыналы оқу стратегиясын қалыптастырудың құрылымдық үлгісін жасау.

Жобаның міндеті:

1. «Мағыналы оқу» ұғымының мазмұнын ашу.
2. Бастауыш мектеп оқушыларында мағыналы оқу стратегиясын қалыптастыру үлгісінің құрылымдық топтамасын бөліп алу.
3. Бастауыш мектеп оқушыларының «мағыналы оқу» сапасының белгілерін анықтау.
4. Мағыналы оқу стратегиясының өңделген кешенін айқындау және эксперимент ретінде тексеру.

Жоба негізінде бастауыш мектептегі оқуға үйрету үдерісінің тиімділігі едәуір артады деген идея жатыр, егер:

- 1) мағыналы оқу бастауыш мектепте үйрету мақсаты ретінде қарастырылса және стратегияның (дағды мен іскерліктің емес) қалыптасуына бағытталса;
- 2) оқудың техникалық (дағды) және мазмұнды (іскерлік) жақтары дәстүрлі талдамалы-жинақтамалы әдіс тәрізді рет-ретімен емес, бір уақытта қалыптасса;

- 3) мағыналы оқуға үйрету заманауи бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу қызметінің ерекшеліктерін есепке ала отырып жасалған психолінгвистикалық үлгі негізінде мәтіндік ақпаратты саралау және құрастыру талаптарын негізге ала отырып өткізілсе;
- 4) мағыналы оқу стратегиясын қалыптастыру оқуды ұйымдастыру принциптері мен кезеңдеріне, стратегия тұрпаттамасына, тапсырмалар мен жаттығулар классификацияларына сүйену технологияларының шеңберінде жүзеге асырылса;
- 5) бастауыш мектеп оқушыларында мәтіндік ақпаратты мағыналы оқу стратегиясын қалыптастыру барысында педагог олардың қалыптасу көрсеткіштері мен деңгейіне қарай бейімделсе.

Үлгіні жасаудың теориялық-методологиялық алғышарттары:

Зерттеудің **теориялық негізін** жасағандар: тұлға, әрекет және тілдесудің даму теориялары (Л.С. Выготский, А.А. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн.); сөйлеу әрекетінің теориясы (А.А. Леонтьев, А.Р. Лурия); оқу әрекетінің жан-жақты концепциясы (А.Г.Асмолов және т.б.); бастауыш мектептегі білімді дамытудың психологиялық теориясы (В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин және т.б.); оқу дағдыларын қалыптастырудың психофизиологиялық негіздері (Л.В.Соколова); жас ерекшелік психологиясының негіздері (В.С. Мухина); бастауыш мектеп оқушысының ми қызметінің психофизиологиясы мен нейрофизиологиясы (А.Р. Лурия, Д.А.Фарбер және т.б.).

Зерттеудің **методологиялық негізі** тұлғаның даму теориясының идеялары мен ережелері (А.Г. Асмолов, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев және т.б.); жеке бас әрекетінің тәсілдемесі (И.А. Зимняя, А.А. Леонтьев және т.б.); коммуникативтік-когнитивтік тәсілдеме (А.В. Щепилова); мәтіннің лингвистикасы туралы (И.Р.Гальперин және т.б.).

Бастауыш мектеп оқушыларында мағыналы оқуды дамытудың психолінгвистикалық үлгісі



Мағыналы оқу әрекеттері мен операциялары

- зейін
- ес
- қиял
- түйсік (көру және фонематикалық есту)
- көру-кеңістік үйлестігі
- көру-қозғаушы үйлестігі

- табу
- мағыналы болжам
- ажырату
- сәйкестендіру (ауызша, көзбен шолу)
- тану
- қатыстыру
- қайта кодтау
- сезінушілік-көрнекілік жинақтау және талдау
- тапқырлық
- топтастыру
- көркем ұғым

- кодтау
- маңызды ақпараттарды талдау
- мағыналы белгілерді, тірек пункттерін көрсету
- мағыналы байланыс құру
- кодтау
- абстрактылы-қисынды талдау және жинақтау

- жинақтау
- жалпы мағынаға ауысу

Техникалар, жаттығулар, стратегиялар

- «Шульте» таблицасы»
- «Корректорлық сынау»
- «Сандық пирамида»
- «Полиэтиленді қабықша»
- «Жасыл нүкте»
- «Өрт»
- «Саусақ»
- «Тілді жоғары ұстау»
- «Қарындаш»
- «Тақпақ»
- «Есеп»
- «Ассоциативтік жұп»

- «Кідіріп оқу»
- «Ауызша хабарламаларға арналған карточкалар»
- «Мазмұнды сурет»
- «Аяқталмаған сөйлемдер әдісі»
- «Қойын дәптер»
- «Морфологиялық жәшік»
- Түйінді сөздер бойынша әңгіме-жорамал (тақырыбы бойынша);
- шиеленіскен қисынды тізбек;
-

- «Өз сөзімен айту»
- «Сөйлемді түрлендіру»
- «Тірек конспект»
- схемалау («Байлам», «Кластер», «Генеалогиялық ағаш», «Фишбоун», «Картография», «Жады картасы»)
- «Дұрыс және қате пікірлер»

- «Тізбек»
- «Жиіктемелі тізбек»
- «Матрица – 6»
- «Ирек (мозаика)»
- «Синквейн»
- эссе



Бастауыш мектеп оқушыларының мағыналы оқу стратегиясын қалыптастыру үшін тапсырмалар мен жаттығулар классификациясы:

- *стратегия тұрпаты бойынша* жаттығулар алдын-ала тұспалдау стратегиясын қалыптастыру жаттығулары, мағыналы болжам стратегиясының жаттығулары, мағыналы байланыс құру стратегиясы және мағыналы ету стратегиясының жаттығулары болып бөлінеді;
- *мазмұны бойынша* графемді-фонемді, құрылымдық-мағыналық, мағыналы-коммуникативтік;
- *қызмет түрі бойынша* танымдық-дамытушылық, ойын (үстел және қозғалыс) және шығармашылық;
- *мақсаты мен міндеттері бойынша* тілдік (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық), сөйлеу және коммуникативтік;
- *ұйымдастыру формасы бойынша* жеке, жұптық, топтық, ұжымдық;
- *өзара әрекет әдісі бойынша* еліктегіштік, проблемалық-іздістіру, репродуктивті-нәтижелі.

Бірінші **мағыналы-бағдарлы сатысында** мағыналы тұспалдау және көру-қозғау интеграциясы механизмімен жүзеге асырылатын оқу мағынасын алдын-ала тұспалдау орын алады және (нәтиже ретінде) жеке-мағыналы түрде құрылған дәлел қалыптасады. Осы кезеңде бастауыш мектеп оқушысы оқуға дайын ба, оқу механизмін дамытуға қажетті психикалық функциялар жеткілікті дамыған ба, соны анықтауымыз қажет. Мағыналы-бағдарлы сатыға байланысты негізгі психикалық процестер мен компоненттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін әртүрлі техникалар мен тәсілдер кешені іріктелді (Шульте таблицасы, т.б.).

Мағыналы оқудың екінші **сенсорлы-естілім сатысында** мағыналы қабылдау механизмінің негізінде мағыналы болжам жүзеге асады және абстрактылы-қисынды деңгейдегі оқығанын әрі қарай ұғыну негіз болатын мағыналы тапқырлық қалыптасады.

Аталмыш сатыда төмендегі техникалар мен тәсілдер қолданылады:

- «Кідіріп оқу»
- «Ауызша хабарламаларға арналған карточкалар»
- «Мазмұнды сурет»
- «Аяқталмаған сөйлемдер әдісі»

- «Қойын дәптер»
- «Морфологиялық жәшік»

Үшінші қисынды-мағыналық сатыда мағыналы топтастыру механизмі есебімен мағыналы байланыс құрылады және ой тұжырымы қалыптасады.

Келесі техникалар мен тәсілдер қолданылады:

- «Өз сөзімен айту»
- «Сөйлемді түрлендіру»
- «Тірек конспект»
- схемалау («Байлам», «Кластер», «Генеалогиялық ағаш», «Фишбоун», «Картография», «Жады картасы»)

Төртінші мазмұнды-мағыналы сатыда мағынаны қалыптастыру механизмінің есебімен мағыналы ету орын алады және оқығанын түсіну, мағынасын ашу тәрізді оқу үдерісінің нәтижесіне қол жеткізеді. Мынадай техникалар қолданылады:

- «Тізбек»
- «Жиектемелі тізбек»
- «Матрица – 6»
- «Ирек (мозаика)»
- «Синквейн»
- эссе

Осы оқу сатыларына сәйкес мағыналы оқу стратегиясының тұрпаттамасы (типология) жасалды: 1) мағынаны алдын-ала тұспалдау; 2) мағыналы болжам; 3) мағыналы байланыс құру; 4) мағыналы ету стратегиясы және мағыналы оқу стратегиясының қалыптасу көрсеткіштері.

Күтілетін нәтиже:

Мағыналы оқу стратегиясының қалыптасу көрсеткіштері

Сатысы	Тұрпаты (тип)	Түрі	Қалыптасу көрсеткіштері Оқушылар істей алады:
<i>мағыналы-бағдарлы</i>	<i>алдын-ала тұспалдау стратегиясы</i>	мнемикалық стратегия	жас ерекшелік нормаларына сәйкес белгілерді, бейнелер мен нышандарды есте сақтай алу, жаттанды мәтіндік ақпарат бірліктерін (МAB) атай алу
		фонетикалық стратегия	МAB-н есту арқылы ажырату және айтылған бірліктер санын анықтап, айтып беру
		фонематикалық стратегия	дыбысталуына қарай ұқсас МAB-н ажырату және оларды графикалық суретпен ара қатынасын белгілеу

сенсорлы-естілім		Көру-кеңістік үйлестігінің (координация) стратегиясы	көлеміне, түсіне, формасы мен кеңістіктегі орнына қарамастан МАБ-н біле алу, МАБ-н таба алу
		көру-қозғаушы үйлестік стратегиясы	МАБ-н құруда ұсақ және ірі моторика қозғалысын орындай алу және оларды баспа әріптермен жаза алу
		болжалды стратегия	тапсырмаға назар аудару мәтіннің формалды сипаттамасын зерттеу – тақырыптың, иллюстрацияның болуы, 2-3 түйінді сөзбен жазылған мәтіннің не туралы екендігін шамалау, тақырып бойынша алған білімді өзектендіру
	мағыналы болжам стратегиясы	антиципация стратегиясы	аяқталмай қалған МАБ-н аяқтау, тақырыбы, иллюстрациясы бойынша мәтінді мерзімінен бұрын аяқтау
		табу стратегиясы	басқа МАБ-ң арасынан МАБ-н табу
		ажырату стратегиясы	МАБ-н ажырату, оларға ат қою, оқылған МАБ-н тиісті заттардың суреттері салынған суреттермен салыстыру
		сәйкестендіру стратегиясы (ауызша, көзбен шолу)	суретте салынған заттың атауына сәйкес МАБ-н табу
		тану стратегиясы	МАБ-н жазып бітіру
		қатыстыру стратегиясы	оқылған МАБ-н тиісті заттардың суреттері салынған суреттермен салыстыру және оларды нышандармен ара қатынасын белгілеу
		қайта кодтау стратегиясы	МАБ-н дауыстап дұрыс оқу
		тапқырлық стратегиясы	сөйлемнің мағынасына қарай сөйлемдегі жіберілген сөздерді теріп жазу МАБ-ң мағынасын түсіну
		топтастыру стратегиясы	әртүрлі белгілері бойынша оқылған МАБ-н топтастыру

		көзкөрімді (визуализация) стратегиясы	оқылған МАБ-не сурет таңдау
<i>қисынды-мағыналық</i>	<i>мағыналы байланыс құру стратегиясы</i>	кодтау стратегиясы	мәтінге сұрақ қою
		маңызды ақпараттарды талдау стратегиясы	оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру сұрақтарға сүйене отырып мәтінді әңгімелеу
		мағыналы белгілерді көрсету стратегиясы	мәтінді қисынды бөлімдерге бөлу, әр бөлімге ат қою, тірек, «түйінді» сөздерді көрсету мәтін жоспарының бірнеше нұсқасы мен мәтіннің ара қатынасын белгілеу мәтін жоспарын құру
		мағыналы байланыс құру стратегиясы	сөйлемнің мағынасына сүйене отырып сөйлемнің басы мен соңын біріктіру. сөйлем реті бұзылған мәтінді талдау және түзету
		кодтау стратегиясы	мәтін үлгісін (сызбасын) жасау
		елестету стратегиясы	мәтінді егжей-тегжейлі, іріктеп елестету
<i>мазмұнды-мағыналы</i>	<i>мағыналы ету стратегиясы</i>	талдап қорыту стратегиясы	оқығанының мәнін түсіну мәтіндегі ақпаратты таба алу мәтіндегі мағыналық қалдыру мен қателерді табу синтагматикалық, потенциалды және тақырыптық байланыс құру
		жалпы мағынаға ауысу стратегиясы	оқығанның негізгі ойын анықтау мәтін мен тақырыптың ара қатынасын белгілеу, ұсынылған баламалар қатарынан неғұрлым ыңғайлысын таңдау мәтін авторының басты идеясын анықтау

Список литературы

1. Назарбаев Н.А. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әрекетінің 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық жоспарына